

## **"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2026 жылға арналған жоспары бойынша қорытындыны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 1170 қаулысы 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2026 жылға арналған жоспары бойынша қорытынды (бұдан әрі – қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2025 жылғы 30 желтоқсанға дейін қорытындыны дипломатиялық арналар арқылы Ресей тарапына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1170 қаулысымен  
бекітілген

## **"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2026 жылға арналған жоспары бойынша қорытынды**

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей тарапы ұсынған (Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің 2025 жылғы 19 қарашадағы № 33898/ЗДСНГ нотасы) Ресей Федерациясының "Ресейдің ғарыштық қызметі" мемлекеттік бағдарламасы, Ресей Федерациясының халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары, коммерциялық жобалары мен өзге де мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде "Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2026 жылға арналған жоспарын келіседі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК